



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 8 шілдедегі № 7-VI ҚРЗ.

2015 жылғы 16 қазанда Бурабайда жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы
КЕЛІСІМ**

Ресми

куәландырылған

мәтін

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер,

қылмысқа қарсы іс-қимыл жасасуда ынтымақтастықтың құқықтық базасын жетілдірудің қажеттілігін тани отырып,

қылмыстарды ашуда және қылмыстық істерді тергеп-тексеруде ынтымақтастықты тереңдетуге ниет білдіре отырып,

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардың ережелерін негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер мынаны білдіреді:

"өзара байланысты қылмыстар" - екі немесе одан көп Тараптардың аумақтарында бір немесе бірнеше адам жасаған немесе олардың мүдделерін қозғайтын қылмыстар;

"Тараптардың орталық құзыретті органдары" - осы Келісімге және Тараптардың заңнамасына сәйкес бірлескен жедел-тергеу топтарын құру, олардың қызметін тоқтату және олардың басшыларын тағайындау туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар;

"Тараптардың құзыретті органдары" - Тараптардың заңнамасына сәйкес алдын ала тергеп-тексеруді және жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыруға, тергеу, жедел-тергеу топтарын құру және олардың қызметі туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген органдар;

"бірлескен жедел-тергеу тобы" - Тараптардың құзыретті органдарының екі немесе одан көп ұлттық тергеу, жедел-тергеу топтарынан тұратын, Тараптардың орталық құзыретті органдарының келісуі бойынша құрылған топ;

"бірлескен жедел-тергеу тобының басшысы" - осы Келісімде айқындалған өкілеттіктер шегінде ұлттық тергеу, жедел-тергеу топтарының қызметін үйлестіру үшін Тараптардың орталық құзыретті органдары арасындағы келісу бойынша тағайындалатын лауазымды адам;

"өзара іс-қимыл жасаудың (қарым-қатынастың) оңайлатылған тәртібі" - бірлескен жедел-тергеу тобы мүшелерінің бір-бірімен тікелей өзара іс-қимыл жасауы (қарым-қатынасы).

2-бап

Осы Келісімнің мақсаты дәлелдемелерді ұсыну не екі және одан көп Тараптың аумақтарында процестік әрекеттерді және (немесе) жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу қажеттілігімен ұштасқан, Тараптардың құзыретті органдарының іс жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша өзара байланысты қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру үшін Тараптардың аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру, олардың қызметі және қызметін тоқтату мәселелерін реттеу болып табылады.

3-бап

1. Бірлескен жедел-тергеу топтарын құрудың, олардың қызметінің және қызметін тоқтатудың құқықтық негізін осы Келісім, Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да қолданылатын халықаралық шарттар және Тараптардың заңнамасы құрайды.

2. Бірлескен жедел-тергеу топтары Тараптардың құзыретті органдарының қылмыстарды ашудағы және қылмыстық істерді тергеп-тексерудегі ынтымақтастығының нысаны болып табылады.

4-бап

Мыналар:

а) Тараптардың құзыретті органдарының қылмыстарды ашу және қылмыстық істерді тергеп-тексеру жөніндегі келісілген қызметі;

б) өзара іс-қимыл жасаудың (қарым-қатынастың) оңайлатылған тәртібін ұйымдастыру;

в) жедел ақпарат алмасу үшін жағдайлар жасау;

г) қылмыстарды ашу және қылмыстық істерді тергеп-тексеру жөніндегі келісілген әрекеттерді орындау барысы туралы өзара хабардар ету;

д) Тараптардың аумақтарында ұсынылған нұсқалары бойынша әрекеттерді жоспарлау және оларды тексеру;

е) зерттеулер мен сараптамалар жүргізуді ұйымдастыру;

ж) заттай дәлелдемелерді сақтаумен және берумен байланысты мәселелерді шешу;

з) сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес процестік әрекеттерді және (немесе) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы тапсырмаларды орындау. Егер бұл сұрау салынатын Тараптың заңнамасына және (немесе) халықаралық міндеттемелеріне қайшы келмесе, сұрау салушы Тараптың құзыретті органының өтініші бойынша сұрау салушы Тараптың заңнамасы қолданылуы мүмкін;

и) Тараптардың аумақтарында процестік әрекеттерді және (немесе) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу кезінде өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру бірлескен жедел-тергеу топтарының негізгі міндеттері болып табылады.

5-бап

1. Бірлескен жедел-тергеу тобын құру туралы ұсыныс сұрау салумен ресімделеді, оны сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органы сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органына жібереді. Сұрау салуда мынадай деректер:

а) сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органының атауы;

б) сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органының атауы;

в) оны ашу және тергеп-тексеру үшін бірлескен жедел-тергеу тобын құру қажет етілетін, сұрау салушы Тараптың құзыретті органының іс жүргізуіндегі қылмыс туралы қылмыстық істің нөмірі, жасалған қылмыстың сұрау салушы Тараптың заңнамасы бойынша сипаттамасы мен саралануы және заңның қолданылатын ережесінің мәтіні, егер залал қылмыстық іс-әрекет нәтижесінде келтірілсе, оның мөлшері туралы деректер ;

г) тергеп-тексеруді жүзеге асыратын құзыретті орган бөлімшесінің атауы;

д) бірлескен жедел-тергеу тобын құру қажеттігінің негіздемесі, сұрау салушы Тараптың ұлттық тергеу және (немесе) жедел-тергеу тобының лауазымды адамдарының тізімі, бірлескен жедел-тергеу тобы басшысының кандидатурасы бойынша ұсыныс;

е) сұрау салынатын Тараптың аумағында бірлескен жедел-тергеу тобының жүргізуі тиіс процестік әрекеттердің және (немесе) жедел-іздігіру іс-шараларының алдын ала тізбесі;

ж) тергеп-тексеру үшін қызығушылық білдіретін қолда бар деректер:

жеке тұлға туралы: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен орны, тұрғылықты жері, азаматтығы, қызмет түрі;

заңды тұлға туралы: атауы, заңды мекенжайы және (немесе) орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;

з) "ж" тармақшада көрсетілген тұлғалардың өкілдері болған кезде олардың тегі, аты, әкесінің аты және мекенжайы;

и) сұрау салудың келіп түсуінің және оны орындау барысында алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету қажеттігі;

к) байланыс телефондары мен басқа да байланыс арналары;

л) қажет болған кезде бірлескен жедел-тергеу тобының қызметіне байланысты ықтимал шығыстарды көтерудің болжамды тәртібі;

м) өзге де қажетті мәліметтер қамтылуға тиіс.

2. Сұрау салуға сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органының басшысы (басшының орынбасары) қол қояды және ол осы органның елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

3. Сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органы сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органынан оның пікірі бойынша сұрау салуды орындау үшін қажетті қосымша мәліметтерді сұратуы мүмкін.

4. Егер сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органы сұрау салуды орындау оның мемлекетінің егемендігіне, қоғамдық қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне, жария тәртібіне немесе басқа да елеулі мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін не сұрау салынатын Тараптың заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келеді деп пайымдаса, сұрау салуды орындау кейінге қалдырылуы мүмкін немесе оны орындаудан бас тартылуы мүмкін.

5. Сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органы бірлескен жедел тергеу тобын құру туралы сұрау салуды алғаннан кейін 15 күннен кешіктірмей сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органын қабылданған шешім туралы жазбаша хабардар етеді және келіскен жағдайда, бір мезгілде оған сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының ұлттық тергеу, жедел-тергеу тобының лауазымды адамдарының тізімін және осы баптың 1-тармағында көрсетілген қосымша деректерді ұсынады.

6. Бірлескен жедел-тергеу тобын құру туралы сұрау салуды орындаудан бас тарту немесе оны орындауды кідірту туралы сұрау салынатын Тараптың орталық құзыретті органы бас тартудың немесе кідіртудің себептерін көрсете отырып, сұрау салушы Тараптың орталық құзыретті органын хабардар етеді.

6-бап

1. Бірлескен жедел-тергеу тобын құру, оның қызметін тоқтату және оның басшысын тағайындау туралы шешімді Тараптардың орталық құзыретті органдарының басшылары қабылдайды.

2. Тараптың құзыретті органы бірлескен жедел-тергеу тобындағы өзінің өкілдерінің құрамын өзгерту туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл туралы бірлескен жедел-тергеу тобын құрған басқа Тараптардың құзыретті органдарына хабарлайды.

3. Тараптың орталық құзыретті органы өзінің ұлттық тергеу, жедел-тергеу тобын басқа Тараптар құрған бірлескен жедел-тергеу тобының құрамына қосу қажет болған кезде осы Келісімнің 5-бабына сәйкес бірлескен жедел-тергеу тобының басшысы тағайындалған Тараптың орталық құзыретті органына сұрау салу жібереді.

Жұмыс істеп жатқан бірлескен жедел-тергеу тобының құрамына басқа Тараптардың ұлттық тергеу, жедел-тергеу топтарын қосқан жағдайда Тараптардың мүдделі орталық құзыретті органдарының басшылары бұл туралы тиісті шешімдер қабылдайды.

4. Бірлескен жедел-тергеу тобының құрамынан ұлттық тергеу, жедел-тергеу тобын шығару туралы шешім қабылдаған Тараптың орталық құзыретті органы басқа Тараптардың орталық құзыретті органдарына хабарлама жібереді.

7-бап

1. Бірлескен жедел-тергеу тобының басшысы оның жұмысын осы Келісімге және аумақтарында процестік әрекеттер және (немесе) жедел-ізвестіру іс-шаралары жүргізіліп жатқан Тараптардың заңнамасына сәйкес ұйымдастырады.

2. Мыналар:

- а) бірлескен жедел-тергеу тобының жұмысын ұйымдастыру;
- б) өзара іс-қимыл жасаудың (қарым-қатынастың) оңайлатылған тәртібін қамтамасыз ету;
- в) тергеу құпияларын сақтауға байланысты мәселелерді реттеу;
- г) заттай дәлелдемелерді сақтау және беру кезінде туындайтын мәселелерді реттеу;
- д) бірлескен жедел-тергеу тобының қызметін тоқтату туралы ұсыныс енгізу бірлескен жедел-тергеу тобы басшысының функцияларына кіреді.

8-бап

1. Бірлескен жедел-тергеу тобында өзара іс-қимыл жасаудың (қарым-қатынастың) жеңілдетілген тәртібі қолданылады. Процестік әрекеттерді және (немесе) жедел-ізвестіру іс-шараларын орындау қажет болған кезде сұрау салушы Тараптың құзыретті органының ұлттық тергеу, жедел-тергеу тобының басшысы (іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан адам) (бұдан әрі - ұлттық жедел-тергеу тобының басшысы) сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының ұлттық жедел-тергеу тобының басшысына процестік әрекеттерді және (немесе) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы тапсырманы жібереді.

2. Процестік әрекеттерді және (немесе) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы тапсырмаға тиісті түрде куәландырылған, қажет болған жағдайда сұрау салушы Тараптың заңнамасында белгіленген тәртіппен процестік әрекеттерді және (немесе) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу туралы санкцияланған қаулылар қоса беріледі.

3. Тапсырманы орындау процесінде Тараптардың құзыретті органдарының ұлттық жедел-тергеу топтарының басшылары процестік әрекеттерді және (немесе) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу барысы туралы ақпарат алмасады.

4. Сұрау салушы Тараптың құзыретті органының ұлттық жедел-тергеу тобы басшысының өтініші бойынша сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының ұлттық жедел-тергеу тобының басшысы тапсырманы орындау уақыты мен орны туралы оған уақтылы хабарлайды. Сұрау салушы Тараптың уәкілетті өкілдері сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының келісімімен тапсырманы орындау кезінде болады, сондай-ақ, егер бұл сұрау салынатын Тараптың заңнамасына қайшы келмесе, процестік әрекеттерді және (немесе) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге қатысады.

5. Тапсырманы орындағаннан кейін сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының ұлттық жедел-тергеу тобының басшысы сұрау салушы Тараптың құзыретті органының ұлттық жедел-тергеу тобының басшысына алынған құжаттарды, заттар мен материалдарды жібереді. Сұрау салынатын Тарапта оның заңнамасына сәйкес алынған дәлелдемелер сұрау салушы Тарапта да осындай дәлелдемелік мәнге ие болады. Процестік құжаттар сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының елтаңбалық мөрімен расталады.

6. Егер сұрау салынатын Тараптың құзыретті органы тапсырманы орындау оның мемлекетінің егемендігіне, қоғамдық қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне, жария тәртібіне және басқа елеулі мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін не сұрау салынатын Тараптың заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келеді деп пайымдаса, тапсырманы орындау кейінге қалдырылуы мүмкін немесе оны орындаудан бас тартылуы мүмкін.

7. Егер тапсырманың орындалуы мүмкін болмаса, сұрау салушы Тараптың құзыретті органының ұлттық жедел-тергеу тобының басшысы тапсырманы орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туралы хабардар етіледі.

9-бап

Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда осы Келісімнің 5 және 8-баптарында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын бір мезгілде жібере отырып, олардың көшірмелері факсимильді байланыспен немесе өзге де коммуникация құралдары пайдаланыла отырып жіберілуі мүмкін.

10-бап

1. Егер сұрау салушы Тараптың құзыретті органы алынған мәліметтер мен құжаттардың мазмұнын жариялауды қолайсыз деп есептесе, Тараптардың әрқайсысының құзыретті органы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

2. Тапсырманы орындау кезінде құпиялылығын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, сұрау салынатын Тараптың құзыретті органы бұл туралы сұрау салушы Тараптың құзыретті органына хабарлайды.

3. Құпиялылық дәрежесін сұрау салушы Тараптың құзыретті органы айқындайды.

4. Осы Келісімнің шеңберінде алынған құпия мәліметтер мен құжаттарды үшінші тарапқа беру үшін осы мәліметтерді ұсынған Тараптың құзыретті органының жазбаша келісімі талап етіледі.

11-бап

1. Тараптар өздерінің орталық құзыретті органдарының және осы Келісімнің орындалуына жауапты құзыретті органдарының тізбесін айқындайды және оны осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы хабарламаны сақтауға тапсыру кезінде депозитарийге береді.

2. Орталық құзыретті органдардың және құзыретті органдардың тізбесіндегі өзгерістер туралы Тараптардың әрқайсысы бір ай мерзімде депозитарийді жазбаша хабардар етеді.

12-бап

Тараптардың құзыретті органдары, егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе, осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды дербес көтереді.

13-бап

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысының өзі қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан өзі үшін туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

14-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісуі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар тиісті хаттамамен ресімделеді.

15-бап

Осы Келісімді қолдану және түсіндіру кезінде Тараптар арасында туындайтын даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы шешіледі.

16-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2. Мемлекетішілік рәсімдерді кеш орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті хабарламаны алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

17-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кез келген қатысушы мемлекеттің депозитарийге қосылу туралы құжатты беру арқылы қосылуы үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

18-бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асырған кезде орыс тілін пайдаланады.

19-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен шыққанға дейін кемінде 6 ай бұрын өзінің осындай ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып және Келісімнің қолданысы уақытында туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттеп, осы Келісімнен шығуға құқылы.

2015 жылы 16 қазанда Бурабай кентінде (Қазақстан Республикасы) орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының

Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасы үшін
Армения Республикасы үшін
Беларусь Республикасы үшін
Қазақстан Республикасы үшін
Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін
Тәжікстан Республикасы үшін
Түрікменстан үшін
Өзбекстан Республикасы үшін
Украина үшін

Молдова Республикасы үшін

Осымен ұсынылып отырған мәтін 2015 жылғы 16 қазанда Қазақстан Республикасы Бурабай кентінде, жасалған, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекеттер басшылары кеңесі отырысында қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы келісімнің түпнұсқалы көшірмесі болып табылатынын куәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Атқару комитеті
төрағасының бірінші орынбасары
ТМД-ның атқарушы хатшысы

В. Гаркун

2015 жылғы 16 қазанда Қазақстан Республикасы Бурабай кентінде қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы келісімнің аударылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екенін растаймын.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Тергеу департаменті
бастығының орынбасары

Р. Досанов